

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № 159 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 маусымда № 6512 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 248 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 29.08.2016 № 248 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 06 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 6) тармақшасына сәйкес, халықты жұмыспен қамту саласында мемлекеттік саясатты іске асыруын қамтамасыз ету мақсатында Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептегенде, мүгедектер үшін жұмыс орындары санының үш пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау әлеуметтік мәселелер жөніндегі аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Ахметов